

11. Restrukturizaciya gradoobrazuyushchih predpriyatij: uroki i peredovoj opyt Vostochnoj Germanii [Restructuring of the city-forming enterprises: lessons and best practices of East Germany], Issledovatel'skij centr IPM, Nemeckaya ehkonomicheskaya gruppa v Belarusi. Available at: <http://docplayer.ru/44726540-Restrukturizaciya-gradoobrazuyushchih-predpriyatij-uroki-i-peredovoy-opyt-vostochnoy-germanii.html> (accessed 05.06.2018)
12. Zagorujko YU., Glavackij V.B. Opredelenie ponyatiya «gorod» kak konceptual'naya osnova razrabotki mekhanizmov ustojchivogo razvitiya monogorodov [Definition of the concept of “city” as a conceptual basis for the development of mechanisms for sustainable development of single-industry towns] , Nacional'nye interesy: priority i bezopasnost' [National interests: priorities and security], 15, 29-32(2010).
13. Tatarin A.I. Problema monogorodov dolzhna reshat'sya na gosudarstvennom urovne [The problem of single-industry towns should be solved at the state level], Upravlenec [Manager], 1-2, 45(2009).
14. Agrawal A., Cockburn L., Rosell C. Not invited here? Innovation in company towns// Journal of Urban Economics. 67(1), 78-89(2010).
15. Programma razvitiya monogorodov na 2012-2020 gody [The program for the development of single-industry towns for 2012-2020]. Available at: <http://www.government.kz/ru/programmy/2283-programma-razvitiya-monogorodov-na-2012-2020-gody.html> [<http://www.government.kz/en/programmy/2283-programma-razvitiyamonogorodov-na-2012-2020-gody.html>] (accessed 05.06.2018)
16. Hollander J., Németh J. The bounds of smart decline: a foundational theory for planning shrinking cities, Housing and Policy Debate, 21 (3), 349–367(2011).
17. Dinius O. J. Company Towns in the Americas. Landscape, Power, and Working-Class (University of Georgia Press, 2011)
18. Schilling J., Logan J. Greening the rust belt: A green infrastructure model for right sizing America's shrinking cities, Journal of the American Planning Association, 74 (4), 2008.
19. Davydova I.SH., Malyshkina A.M. Monogoroda: problemy i perspektivy razvitiya [Monotown: problems and development prospects] (Kazan, 2011)

Сведения об авторах:

Мухамбеткалиева Г.М. - кандидат политических наук, ст. преподаватель КазАТУ им. С.Сейфуллина, пр. Победы 62, г. Астана, Казахстан.

Mukhambetkaliyeva G.M. - candidate of Political sciences, art.teacher of KazATU. S.Seifullin, Zhenis avenue 62, Astana, Kazakhstan.

FTAMP 03.91

Г.Ж. Өтен

*«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы»
акционерлік қоғамы, Шымкент, Қазақстан
(E-mail:uten63@bk.ru)*

Франция Республикасының сыртқы саяси бағыттары (2007-2017жж.)

Аннотация. Ұсылынып отырған мақалада, Николя Саркози және Франсуа Олланд президенттігі кезеңіндегі Франция Республикасының сыртқы саяси үрдістеріне, негізгі бағыттарына талдау жасалынады.

Сонымен қатар, 2007-2017 жылдар аралығында Франция сыртқы саясатының басымдықтары және екі президенттің сыртқы саяси қызметінің нәтижелері қарастырылады.

Халықаралық қатынастар жүйесінде Франция мемлекетінің дипломатиясы және сыртқы саяси бағыттарының ерекшеліктері қай жағынан алмасақ та ғасырлар бойы ең басты да, өте күрделі мәселелердің бірі болып келгені белгілі.

Француз саяси бағыты ХХІ ғасырдың бірінші жартысындағы аймақтық және халықаралық шеңбердегі әлемдік саясаттың күн тәртібіндегі аса өзекті де, күрделі саяси мәселелер қатарында тұр.

Қазіргі таңда, әлемдік интеграциялық және бөліну үдерістірі қатар дамып, күшейгенде, саяси аясында ықпалы жоғары, алып мемлекеттердің дипломатиялық бағдарларын зерттеу – маңызды теоретикалық және тәжірибелік міндет.

Түйін сөздер: Франция, сыртқы саясат, Н. Саркози, Ф. Олланд, жаңа әлемдік тәртіп, Еуропалық Одақ

Кіріспе. Әлемдегі жетекші жеті мемлекеттің қатарындағы Франция, жаһандық және аймақтық деңгейде өзінің сыртқы саяси мүдделерін табысты түрде жүзеге асыра отыра, халықаралық қатынастардың мәселелерін шешуде үлкен ықпалға ие.

Осы орайда, Н. Саркози және Ф. Олланд кезеңіндегі Франция сыртқы саясатының бағыттары мен басымдықтарына талдау жасау өзекті мәселелер қатарына енеді.

Мақаланың мақсаты. 2007 жылдан бастап қазіргі кезеңге дейінгі мерзімдегі Франция Республикасының сыртқы саясатын екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші кезеңдегі Николя Саркози кезеңіндегі сыртқы саяси бағыттары және екінші кезеңдегі Франсуа Олланд президенттігі кезеңіндегі сыртқы саясат.

2007 жылы 16 мамырда Франция Республикасының Президенті қызметіне кіріскен Н. Саркози 27 тамыз күні, «өткеннен бас тартып, ұлттық мүдделерге және ұлттық құндылықтарға негізделген» француздық әлемдік тәртіптің тұжырымдамасын ұсынады.

Осы тұжырымдамаға байланысты Н. Саркози президенттігі кезеңіндегі Франция сыртқы саясаттарының басымдықтары төмендегідей түрде айқындалған:

- саяси және экономикалық тұрғыдан алғанда күшті Франция;
- «Жаңа әлемдік тәртіп» құрылмай отырған жағдайдағы тепе-теңдік факторын сақтау;
- жоғарғы деңгейдегі ғаламдық актор болуға қабілетті күшті Еуропаны құру;
- АҚШ және Франция арасындағы достық қатынастарды нығайту;
- Жерорта теңізі жағалауы және Африка елдерімен қатынастарды дамыту;
- дүниежүзінде француз тілін, адам құқығының құндылықтарын, франкофонияны дамыту [1, 119].

Міндеттері. 2008-2020 жылдарға арналған Франция сыртқы және еуропалық саясаты бойынша «Ақ кітапта», халықаралық қатынастар жүйесі кооперативті немесе АҚШ біржақты іс-әрекеті арқылы анықталады, мұнда халықаралық құқық сақталады деп берілген [1, 120]. Берілген тұжырымдамаға сәйкес Француз Республикасының тәуелсіздігіне бағытталған төмендегідей мақсаттар тұжырымдалған:

1. Франция және француздардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ұлттық мүдделерді қорғау.
2. Әріптестермен біріге отыра күшті, демократиялық және тиімді Еуропаны құру.
3. Бейбітшілікке, қауіпсіздікке және адам құқығына бағытталған іс-шаралар.
4. Жер шарының тұрақты дамуы үшін мондиализацияны ұйымдастыру.
5. Француз идеясына, тіліне және мәдениетіне қолдау көрсету.

Атлант мұхитынан Үнді мұхитына дейінгі кеңістіктегі ұлттық мүддесін қорғау үшін төмендегідей бес ішкі күштер функциялары айқындалады:

1. Дағдарыс кезеңіндегі алдын алу шаралары.
2. Халықаралық қауіпсіздік істеріне араласу.
3. Қауіпсіздікті, ұлттық мүдделерді қорғау.
4. Қақтығыстарды реттеуге қатысу.
5. Қақтығыстарға жол бермеуге ұмтылу [2, 284].

Талқылау. Яғни, 2008 -2020 жылдарға арналған Франция сыртқы және еуропалық саясаты бойынша «Ақ кітапта», дербес және ЕО бағытында жүргізілетін іс-әрекеттер кешені арқылы Париж әскери-саяси, экономикалық және мәдени салаларда көшбасшылыққа ұмтылуы қарастырылады.

Француз басшылығы өзінің әскери қатысуын кеңейту, Еуропаның Африка, Азия, Еуразия, Орталық Азия, Латын Америка елдерімен тығыз байланысын орнату сияқты саясатын жоспарлап отырды. Мұндай бағытты жүзеге асырылуының нәтижесінде, Франция Республикасы әлемдік жауапкершілікке ие жетекші державалардың тобында қалуды ұйғарған еді.

Дегенмен, 2011 жылдың шілде айында, әлемдік экономикалық дағдарыс жағдайында, «араб көктемі» толқуы нәтижесінде, жаңа дамушы елдердің геостратегиялық жағдайының күшеюі барысында, халықаралық еуро-атлантикалық қауіпсіздік өзгерісінде француз саяси элитасы «Ақ кітап» ережелерін қайта қарастыруға мәжбір болады. Осының нәтижесінде, 2012 жылы «2008 жылдан бастап стратегиялық жағдайда қандай эволюциялық процестер жүрде» деген атпен берілген ақпараттық баяндама жарияланады. Баяндамада, трансұлттық қауіптер мен басымдықтардың (еуропалық, трансатлантикалық, таяу шығыстық, африкалық, азиялық бағыттағы) бағалауы берілген. Баяндама әзірлеушілері «Стратегиялық салымдардың ірі аймақтары» атты тұжырымдама ұсынады. Мұнда, Шығыс Азия (Малакка бұғазы), Арктика территориялары стратегиялық аймақ ретінде қарастырылады.

Саркози кезеңінде Франция елінің әлемдік аренадағы ұстанатын «Жұмсақ күш» саясатына барынша көңіл аударылды. «Жұмсақ күш» бойынша француз мүдделері 2008 жылы қайта қарастырылып, бағыттарына жаңа серпін берілді.

2008 -2020 жылдарға арналған Франция сыртқы және еуропалық саясаты бойынша «Ақ кітапта», мәдени көшбасшылыққа ұмтылған Франция елі осы бағытта 6 млрд евро жұмсауды көздеді.

2009 жылдан бастап, Францияның сыртқы істер және еуропалық істер министрлігі құрылымында Франция мәдени дипломатиясының реформасы көзделіп, халықаралық қатынастар саласының сарапшылары (Ф. Мартель, Э. Лемье, Ф. Лан) француз тілін дүниежүзінде тарату үшін мәдени дипломатияға өзгерістер енгізу қажеттігін айқындаған.

Францияның шетелдерде мәдени мекемелерін құру және олардың қызметін реформалау бойынша 2009 жылы 16 шілдеде Француз Сыртқы Істер министрі Бернар Кушнер мәлімдеген еді [3,185]. Б. Кушнер мәлімдемесінде, Дж Найдың «жұмсақ күш» (soft power) терминіне балама термин ретінде «ықпал ету дипломатиясы» (diplomatie d'influence) атты француз ұғымы ұсынылды. [3, 231].

2012 жылы 7 ақпан күні «Politique Inter nationale» журналына берген сұхбатында [4, 15] Н. Саркози өзінің президенттік кезеңіндегі сыртқы саяси бағыттарының қорытындыларын төмендегідей түрде нәтижелейді:

- 2009 жылы Саркози атсалысып қатысқан Лиссабон келісімін қабылдау нәтижесінде Еуроодақ институттарын реформалау арқылы және Францияның Еуроодаққа қайта орлауы нәтижесінде Еуропаны дағдарыстан шығару;

- 2008 жылы қазан айында, банктерге еуропалық көмек көрсету, бюджеттік тәртіпті енгізу мәселелерін қамтыған дағдарысқа төтеп беру жолдарын іздестіру үшін Еуро аймақ елдерінің бірінші Саммитін ұйымдастыру және еуропалық валюталық қордың және тұрақтандыру механизмдерінің белсендірілуі;

- 2008 жылы 23 қыркүйектегі БҰҰ Бас Ассамблеясында айтылған және реттеуші механизмдерді (la moralisation du capitalisme) G20 шеңберіндегі бастама;

- халықаралық валюталық жүйені реформалауды жүргізу туралы ұсыныс;

- 2008 жылы Францияның Еуроодақтағы төрағалығы кезінде Ресей және Грузия арасындағы қақтығыстарды реттеу;

- 2009 жылғы қараша айында Ливанның саяси дағдарыстан шығуына және Газадағы қақтығыстарды реттеуге көмек;

- Францияның Ливиядағы әскери операцияларға қатысуы;

- Францияның G8 және G20 шеңберінде Довилль әріптестігі негізінде, араб елдеріне экономикалық және саяси қолдау көрсету туралы бастамасы;

- климаттың жылынуымен күресті жүргізудегі Францияның жетекші ролі және энергетика мен климат бойынша еуропалық пактіні қабылдауға атсалысу;
- Ливиядағы, Колумбиядағы тұтқындарды және Ливандық «Хезбалла» ұйымынан израиль әскері Х. Шамильді азат ету;
- 2011 жылы Кот-д’Ивуар және Ливиядағы бейбіт халықты қорғау бойынша «қорғау бойынша жауапкершілік» тұжырымдамасын қабылдау;
- Африка елдерімен транспарентті әріптестік орнату;
- Франция және ЕО Парсы Шығанағы елдерімен стратегиялық ынтымақтастығына арналған Абу-Дабидегі «Бейбітшілік лагерін» құру;
- армян геноцидін (1915 ж) мойындамағаны үшін жаза қолдану заңын енгізу (Бұл заң Анкара және Париж арасындағы қатынастардың шиеленісін туғызды деп айтсақ та болады);

– «Аль-Каида» ұйымымен күрес барысында Ауғанстанға көмек көрсету.

2012 жылы 6 мамыр күні Франсуа Олланд президенттік сайлауда 51, 64% есебімен жеңіске жетті. 2012 жылы 22 қаңтар күні Франсуа Олландтың «Өзгерістер қазір қажет. Менің Франция алдындағы 60 уәдем» атты сайлау алды бағдарламасында, сыртқы саясатқа аса назар аударылмаған еді. Бағдарламаның 7 тармағы ғана сыртқы саясатқа арналды [5].

2013 жылы доктриналды құжат «Ақ кітап» қабылданады. Мұнда Францияның сыртқы саясатының барлық аспектілері және НАТО-ЕО-Франция үштігінің іс-әрекетіне басты назар аударылған. НАТО-ЕО-Франция үштігі құжатта бірыңғай қауіпсіздік жүйесінің басты элементтері ретінде аталады.

Франсуа Олланд сыртқы саясатындағы басты қадам деп, Украина және Ресей арасындағы шиеленісті шешу мақсатында Норманн төрттік тобының қатысушысы ретінде атсалысқан саясатын атауға болады. Бұл Франсуа Олландтың президенттігі кезеңіндегі сыртқы саясатының нәтижелі бағыты болып табылады.

Ресейге қатысты Ф. Олланд президенттігі кезеңіндегі саясат шиеленістерге толы деп талдау жасауға болады. Ең алдымен Ресей-Франция қатынастарындағы түйткіл мәселе Украинадағы жағдай мен Қырымның аннексиясы болса, екінші жағынан Франция Ресейдің Сириядағы әскери операцияларына қарсылық білдіруінде еді.

2016 жылы қазан айында Францияның Сыртқы істер министрі Жан-Марк Эйро, Француз елі В. Путин мен Б. Асадты Сириядағы әскери операцияларға қатысты Халықаралық сотқа беру туралы шешімін жариялады.

Францияның Сыртқы істер министрі «France Inter Radio» -ға берген сұхбатында, «Біз Ресейдің жүргізіп отырған саясатымен келіспейміз. Алеппо қаласын әуеден бомбалау – қылмыс. Франция Алеппо тұрғындарын сақтап қалуды ғана ойлайды. Бейбіт адамдардың Ресей бомбаларынан өлуіне жол бермейді. Президент Франсуа Олланд 19 қазанда Парижде Владимир Путинмен кездесуі тиіс болған. Қазір бұл ойынан бас тартып отыр» - деді.

Олланд президенттігі кезеңіндегі маңызды саяси мәселе – бұл Түркия мен ЕО арасындағы қайшылықтардың артуы болып табылады. Түркия елімен қарым қатынастағы шиеленіс «Армян геноцидіне» қатысты Саркозиден бастау алған Франция саясатынан туындаған жай, Олланд кезеңінде де өзгеріссіз қалды.

Николя Саркози кезінде тығыз ынтымақтастық бағытында болған Француз-американ қатынастары да біршама өзгерістерге ұшырауда. Мысалы, АҚШ президенті Д. Трамп кезінде АҚШ Еуропалық Одаққа қатысты саясатының біршама өзгергендігін мәлімдеген. Трамп 15 қаңтарда еуропалық London’s Times және Bild басылымдарына сұхбат беріп, Ұлыбританияның ЕО-дан шығуын дұрыс көретінін білдірген.

Трамп сұхбатында ЕО-ның босқындарға қатысты либералдық саясаты өзге елдерді де одаққа мүше болудан бас тартуға мәжбүрлеуі мүмкін екенін айтты.

Франция президенті Франсуа Олланд АҚШ-тың президенті Дональд Трамптың Еуропа Одақ саясатына қатысты айтылған сынына жауап ретінде, Еуропалық Одақ шеңберіндегі

ішкі мәселелерге байланысты «Америка тарапынан ақылға мұқтаж емес екендігін» мәлімдеді [6].

«Еуропа трансатлантикалық ынтымақтастықты жалғастыра береді, бірақ ол ынтымақтастық өзінің мүдделері мен құндылықтарына негізделеді» деді Олланд Парижде АҚШ-тың Франциядағы елшісі Джейн Хартлидің өкілеттігінің аяқталуына орай ұйымдастырылған жиында.

Президент Франсуа Олландтың 4 жыл ішіндегі сыртқы саяси қызметіне талдау жасай отыра, оның бірқатар сайлау алдындағы уәделерін орындағанын байқаймыз. Атап айтқанда: француз әскерлері Ауғанстаннан алынып кетілді, Франкофония Халықаралық Одағының қызметі жанданды, Жерорта теңізі аймағындағы Францияның сыртқы саяси бағыты белсенділік танытты.

Жалпы, мақаланы қорытындылай келе, Франция Республикасының әлемдік саясаттағы ролінің төмендеп келе жатқанын ерекшелеуге болады.

XX ғасырдың 50 жылдарында Шарль де Голль «Голлистік» сыртқы саяси доктринаны ұсынған кезде баламасы жоқ саясат ретінде қабылданған еді. 1969 жылы генерал Голльдің орнына келген Жорж Помпиду «Ешқандай да француз үкіметі Голльдің саясатынан тыс саясат жүргізбейді, сыртқы саясатты біраз өзгертуге болғанымен, бағыттары ешқашанда өзгермейді» [7, 173], деп тұжырымдаған.

Голль тұжырымдаған, Бесінші Республиканың Шығыс және Батыс арасындағы тарихи ролін арттыруға бағытталған саясат әмбебап доктрина ретінде көп уақытқа дейін өзгеріссіз болды. Дегенмен екі Германияның бірігуі, КСРО ыдырауы Францияның халықаралық қатынастар жүйесіндегі орнын өзгертті.

2009 жылы Николя Саркози Францияны НАТО құрылымына оралтып, голлизм принципін өзгертті. Франсуа Олланд Саркозидің НАТО ға интеграциясы саясатын жалғастырып, атланттық бағытты ұстанды.

Қорытынды. 1997 жылы Францияның сыртқы істер министрі Ю. Вердин елдің жаңа сыртқы саяси доктринасын төмендегідей түрде тұжырымдаған еді: «Франция көптеген акторлардың, орта державалардың қатарынан табылмайды, Франция елі әлемдік саясатқа ықпалы бар сегіз державаның біреуі. Ел ірі держава болып табылмағанымен, ғаламдық саясатты жүргізуге қабілетті әлемнің ірі орталығы болып табылады».

Бұл тұжырымдама арқылы біз Францияның қазіргі сыртқы саясаты шынайы және амбициялық нысанда екендігін байқаймыз. Француз Бесінші Республикасы ЕО ядролық державаларының бірі болып, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің Тұрақты мүшесі екендігі анық.

Мемлекет әлемдегі қару жаракты экспортқа шығару бойынша 3 орынды иемденеді. Францияның мықты армиясы бар. Сондықтан да болашақта ғаламдық жауапкершілігі бар ірі державаға айналу үшін Францияда барлық қарқын бар.

Дегенмен, қазіргі таңда атланттық саясат бағытында бұл амбициялар толықтай жүзеге асырылып отырған жоқ.

XXI ғасырға Франция әлемдік деңгейдегі демократиялық держава және ең ірі әлемдік мәдениет орталығы ретінде қадам басты және де бұл ел адамзат тарихында баға жетпес байлық қалдырып келе жатқан мемлекет ретінде танымал. Францияны «әлем зертханасы» деп бекер атамаса керек. Себебі, ол жерде мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың жаңа формалары зерттелген.

Француздар қашанда әлемді жаулап алатын идеяларымен ерекшеленген. Сол сияқты, еуропалық бірігу идеясы да осылай орныққан.

Ал еуропалық интеграцияда Батыс Еуропа елдерінің жетекші факторы Франция болып табылады, ол көшбасшылық рөл атқарып, еуропалық интеграцияның моторына айналды.

Қазақстан үшін көшбасшы мемлекеттермен көпсалалы қарым-қатынасқа түсу өте маңызды. Франция мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынастар бүгінгі таңда өте кең салаларды қамтып, жемісті жүзеге асып келеді.

Оның үстіне, Қазақстан Франция тәжірибесін өзінің ішкі саясатында, жергілікті басқару жүйесінде, экономикалық реформалар жүргізуде кеңінен пайдаланып отыр.

Әдебиеттер тізімі

1. Панюжева М.М. Французская политика Н. Саркози (2007-2012) // Обозреватель. – 2013. – № 11. – С. 118-127.
2. Саркози Н. Мое мнение. Франция, Европа и мир в XXI веке // пер. с франц. и англ. А.Смирновой и А. Глебовской. – Санкт-Петербург: Александрия – Симпозиум, 2009. – 568 с.
3. Косенко С. И. Политика культуры или культура политики. Опыт Франции. - Москва: Восток – Запад, 2008. – 239 с.
4. Entretien avec Nicolas Sarkozy. Pour une diplomatie engagée // La Politique Internationale. La Revue. Hiver. - 2012. - № 134. – P. 9–32.
5. 2012 жылғы Франсуа Олландың «Өзгерістер қазір қажет. Менің Франция алдындағы 60 уәдем» атты сайлау алды ресми бағдарламасы (Le changement c'est maintenant. Mes 60 engagements pour la France) [Электрондық қор] URL: http://fil-info-ance.com/60_engagements_pour_a_FranceFrancois_Hollande.htm
6. Олланд: ЕО-ға сырттан ақыл айтудың қажеті жоқ [Электрондық қор]. – URL: <http://www.azattyq.org/a/28238331.html>
7. Осипов Е.В. Все дальше от Голлизма: внешняя политика современной Франции // Международная жизнь. – 2016. – № 2 (96). – С. 171-186.

Г.Ж. Отен

АО «Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу», Шымкент, Казахстан

Направления внешней политики Французской Республики (2007-2017гг.)

Аннотация. В данной статье предложен анализ основных векторов и тенденции внешней политики Республики Франция в период президентства Николя Саркози и Франсуа Олланда.

Наряду с этим, предлагается анализ приоритетов внешней политики Франции и деятельности двух президентов в период 2007-2017гг.

Дипломатия Франции в системе международных отношений и особенности ее внешнеполитического курса является одной из сложных проблем для изучения на протяжении веков.

Французский политический курс первой половины XXI века является весьма актуальной и сложной проблемой повестки дня в рамках региональной и мировой политики.

В настоящее время, в период интенсивного параллельного развития интеграционных и дезинтеграционных мировых процессов, исследование дипломатического курса влиятельных супердержав – важная теоретическая и практическая задача.

Ключевые слова: Франция, внешняя политика, Н. Саркози, Ф. Олланд, новый мировой порядок, Европейский Союз

G.Zh. Oten

JSC “National Center for professional development “Orleu”, Shymkent, Kazakhstan

Directions of the foreign policy of the French Republic (2007-2017)

Abstract. This article offers an analysis of the main vectors and trends in the foreign policy of the Republic of France during the presidency of Nicolas Sarkozy and François Hollande.

Along with this, it is proposed to analyze the priorities of France’s foreign policy and the activities of the two Presidents in the period 2007-2017. The diplomacy of France in the system of international relations and the peculiarities of its foreign policy course is one of the most difficult problems to study over the centuries.

The French political course of the first half of the 21st century is a very urgent and complex issue on the agenda in the framework of regional and world politics.